

**Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің
IV-құрамының бірінші отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Тараз қаласы

№ 17

04.04. 2025 жыл сағат 11.00
Облыс әкімдігінің мәжіліс залы, 2 қабат

Шақырылғандар: кеңес мүшелері (*тізім бойынша*), БАҚ өкілдері

Қатыспағандар: М.Давришев, А.Карашев

Төрағалық етуші: Масат Әшімұлы Берік – Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің IV-құрамын қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің IV-құрамының төрағасын сайлау туралы.
2. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің IV-құрамының төралқа мүшелерін сайлау туралы.
3. Қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құрамын және комиссия төрағаларын бекіту туралы.
4. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі туралы Ережені бекіту.

Төрағалық етуші: Құрметті отырысқа қатысушылар!

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 13-бабының 1-тармағына сәйкес Қоғамдық кеңестің IV-құрамының бірінші отырысын ашуға рұқсат етіңіздер.

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы Заңның 9-бабы 7-тармағына сәйкес Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ереже негізінде конкурс өткізіп, жаңа құрамды қалыптастырды және Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімін айқындады.

Ендеше, Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің IV - құрамының мүшелеріне куәліктер тапсыру рәсімін өткізейік.

(куәліктер тапсыру рәсімі)

Сіздерді Қоғамдық кеңестің жаңа құрамына сайлануларыңызбен құттықтай отырып, халық алдында есеп беретін мемлекетті қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға, барлық деңгейдегі мемлекеттік

органдардың, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шешімдер қабылдауына коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған Қоғамдық кеңестің қызметін жауапкершілікпен атқаруларыңызға тілектеспіз.

Төрағалық етуші: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері, енді күн тәртібіне енгізілген мәселелерге көшейік.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің IV-құрамының төрағасын сайлау туралы».

Кімде қандай ұсыныс бар?

Ұсыныс:

А.Карентаев: Менде ұсыныс бар, Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағалығына Бықыбаев Дүйсенәлі Дыбысәліұлының кандидатурасын ұсынамын. Өңіріміздің мәдениет, өнер саласын дамытуға зор үлес қосқан танымал азамат Дүйсенәлі Дыбысәліұлының өмірбаянымен таныстырып өтейін.

(өмірбаян оқылады)

Р.Рахманбердиев: Мен де осы ұсынысты қолдаймын. Бықыбаев Дүйсенәлі Дыбысәліұлы мәдениет саласының үздігі, қоғам қайраткері ретінде кеңес жұмысын тиімді ұйымдастыра алады деп ойлаймын.

Төрағалық етуші: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Қоғамдық кеңестің төрағасы болып Бықыбаев Дүйсенәлі Дыбысәліұлы сайлансын деген ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

- Кім қолдайды? – 29 адам;
- Қарсы? – жоқ;
- Қалыс? – жоқ.

Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы болып Бықыбаев Дүйсенәлі Дыбысәліұлы сайланды.

Сіздердің аттарыңыздан Дүйсенәлі Дыбысәліұлын құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Әрі қарай отырысты Қоғамдық кеңестің төрағасы жалғастырады.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Күн тәртібіндегі екінші мәселе: «Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің IV-құрамының төралқа мүшелерін сайлау туралы». Кімде қандай ұсыныс бар?

Ұсыныстар:

Т.Жолтаев: Менің ұсынысым бар, төралқа құрамына келесі кеңес мүшелерін ұсынамын: Бықыбаев Дуйсеналы Дыбысалыұлы, Карентаев Амангелды, Құлекеев Батырбек Әбдірасылұлы, Рахманбердиев Рахметілда Сегізбайұлы, Сатыбалдин Мейрхан Абилхаирович, Абдраимов Марат Жаңабекұлы, Құрманбекова Слушаш Сатбекқызы, Мамышев Мұхтар Сырлыбайұлының кандидатураларын ұсынамын.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Қоғамдық кеңестің төралқасы құрамына ұсынылған азаматтар сайлансын деген ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

- Кім қолдайды? – 29 адам;
- Қарсы? – жоқ;
- Қалыс? – жоқ.

Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің төралқа құрамы сайланды.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері, күн тәртібіндегі үшінші мәселе: «Қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құрамын және комиссия төрағасын бекіту туралы».

ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 5-бабы 1-тармағы 10) тармақшасына сәйкес қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құру қажет. Сіздерге Қоғамдық кеңестің қызмет бағыттары бойынша келесі комиссиялар ұсынылады:

I. Экономика, өнеркәсіп, энергетика, құрылыс, инфрақұрылым, цифрландыру жөніндегі комиссия:

1. Рахманбердиев Рахметілда Сегізбайұлы - комиссия төрағасы
2. Балло Елена Сергеевна - комиссия мүшесі
3. Дауренбеков Батырхан Джапашевич - комиссия мүшесі
4. Сейтбеков Сейдахмет Сейткеримович - комиссия мүшесі
5. Досмаханбетұлы Амантай - комиссия мүшесі
6. Жолтаев Талгат Базарбекович - комиссия мүшесі
7. Сагинтаев Галымжан Таймасович - комиссия мүшесі
8. Мамышев Мухтар Сырлыбаевич - комиссия мүшесі

II. Ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, табиғи ресурстар жөніндегі комиссия:

1. Карентаев Амангелді - комиссия төрағасы
2. Байжуманов Мухтар Казбекович - комиссия мүшесі
3. Давришев Махмутжон Мирадинович - комиссия мүшесі
4. Заурбеков Ауесхан Аскербекович - комиссия мүшесі
5. Ошақбаев Есембек Аскарлович - комиссия мүшесі
6. Джумабаев Алимбек Асембекович - комиссия мүшесі

7. Карашев Айбол Бакытжанович - комиссия мүшесі

III. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жастар саясаты, қоғамдық даму және жұмыспен қамту жөніндегі комиссия:

1. Курманбекова Слушаш Сатбековна - комиссия төрағасы
2. Оспанов Пернебек Оспанұлы - комиссия мүшесі
3. Джошибаев Сейтхан - комиссия мүшесі
4. Тулебаев Архабек - комиссия мүшесі
5. Дүйсембаев Махамбет Ахметович - комиссия мүшесі
6. Паншаев Мухамет-Умар Сализович - комиссия мүшесі
7. Далабай Елдос Тұрсынбекұлы - комиссия мүшесі
8. Ринат Ақәділ Нұртайұлы - комиссия мүшесі

IV. Экологиялық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, әлеуметтік жанжалдардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия:

1. Сатыбалдин Меирхан Абилхайрович - комиссия төрағасы
2. Кулекеев Батырбек Абдрасилович - комиссия мүшесі
3. Омаров Жангелди Жайлауович - комиссия мүшесі
4. Абдраимов Марат Жанабекович - комиссия мүшесі
5. Бексултанова Анар Сагинтаевна - комиссия мүшесі
6. Кенесбек Бекжан Айдарұлы - комиссия мүшесі
7. Өскембекова Құралай Амреқұлқызы - комиссия мүшесі.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті кеңес мүшелері, аталған комиссиялардың төрағаларын сайлау қажет.

Кімде қандай ұсыныстар бар?

Ұсыныстар:

М.Дүйсембаев: Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жастар саясаты, қоғамдық даму және жұмыспен қамту жөніндегі комиссияның төрағалығына Құрманбекова Слушаш Сатбекқызын ұсынамын.

С.Сейітбеков: Экологиялық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, әлеуметтік жанжалдардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның төрағалығына Сатыбалдин Меирхан Әбілхайырұлын ұсынамын.

Ж.Омаров: Ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, табиғи ресурстар жөніндегі комиссияның төрағалығына Карентаев Амангелдіні ұсынамын.

Ғ.Сағынтаев: Экономика, өнеркәсіп, энергетика, құрылыс, инфрақұрылым, цифрландыру жөніндегі комиссияның төрағалығына Рахманбердиев Рахметілдә Сегізбайұлын ұсынамын.

Қоғамдық кеңес төрағасы: I. Экономика, өнеркәсіп, энергетика, құрылыс, инфрақұрылым, цифрландыру жөніндегі комиссияның

төрағалығына кеңес мүшесі Рахманбердиев Рахметілде Сегізбайұлы ұсынылады.

II. Ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, табиғи ресурстар жөніндегі комиссияның төрағалығына кеңес мүшесі Карентаев Амангелді ұсынылады.

III. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жастар саясаты, қоғамдық даму және жұмыспен қамту жөніндегі комиссияның төрағалығына кеңес мүшесі Құрманбекова Слушаш Сатбекқызы ұсынылады.

IV. Экологиялық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, әлеуметтік жанжалдардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның төрағалығына кеңес мүшесі Сатыбалдин Меирхан Әбілхайырұлы ұсынылады.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Осы азаматтардың Қоғамдық кеңестің комиссия төрағалары болып сайлансын деген ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

- Кім қолдайды? – 29 адам;
- Қарсы? – жоқ;
- Қалыс? – жоқ.

Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің комиссиялар құрамы және комиссия төрағалары сайланды.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 69 бұйрығының 2-тарауы 19-тармағына сәйкес жұмысшы тобы Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі туралы Ереженің жобасын әзірледі.

Аталған бұйрықтың 21-тармағына сәйкес жұмыс тобы және оның жетекшісінің өкілеттіктері Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңес туралы ережені бекіткеннен кейін тоқтатылады.

Көрсетілген талапқа сәйкес күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі туралы Ережені бекіту».

Осыған байланысты, Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі туралы ереже бекітілсін деген ұсыныс бар. Ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

- Кім қолдайды? – 29 адам;
- Қарсы? – жоқ;
- Қалыс? – жоқ.

Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі туралы Ереже бекітілді.

Қоғамдық кеңес мүшелері ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы болып Бықыбаев Дүйсенәлі Дыбысәліұлы сайлансын.

2. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің төралқа құрамы №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі туралы Ереже №2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құрамы және комиссия төрағалары №3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Жамбыл облыстық
Қоғамдық кеңесінің төрағасы



Д.Бықыбаев